

Екпетал мектеп-балабақшасы өзін-өзі бағалау бойынша анықтамалар

1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарларымен анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

2017-2018 оқу жылында

Мақсаты:

- Бәсекеге қабілетті мектеп қалыптастыру мақсатында жаңа технологияларды пайдалана отырып, белсенділігі жоғары дарынды балаларды дамыту, оқушылардың білімге деген ынта- ықыласын арттыру;
- Жаңа кезеңге сай оқу мен тәрбие сапасын жетілдірудің негізі жеке тұлғаны дамыту:
- Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика- психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу- тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;
- Баланы жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;
- Ақпараттандыру құралдарын кеңінен қолдану.

Міндеттері:

- Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық , сапалы білім алуға жағдай жасау;
- Оқушының бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін- өзі қадірлей алатын, өзіне талап қоя алатын қасиеттерге және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;
- Шығармашылық еңбек ететін мұғалімдермен тәжірибе алмасу үшін шығармашылық топтар жұмысын ұйымдастыру;
- Оқу- тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру;
- Оқушылардың жалпы мәдениеттілік бағытын күшейту;

Осы алға қойған мақсат, міндеттерді баспалыққа ала отырып, жұмыстандық.

Нәтижесінде: 1,2,5,7 сыныптардың жаңартылған мазмұнда білім алуына байланысты жылдың басында «Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау» тақырыбында оқыту семинары өткізілді. Өткізген: мектеп үйлестірушісі Туркестанова Кулпаршин Болатовна. Мектеп тренерлері тарих пәнінің мұғалімі Майжанова Гүлжанат Әлімқызы және қазақ тілі мен әдебиті пәнінің мұғалімі Абдрахманова Гүлзия Жауынбайқызы «Сын тұрғысынан ойлаудың мәні, жаңа әдіс тәсілдер» тақырыбында семинар-коучинг өткізді.

Оқу жылында дарынды балалармен жоспарға сәйкес балалардың шығармашылық, өнерге, эстетикалық бейіміне байланысты жұмыстар жүргізілді. Атап айтатын болсақ, 3 оқушы шығармашылық көркемсурет байқауынан 3 оқушы да I дәрежелі дипломмен марапатталды. Халықаралық сурет және қолөнер байқауынан 2 оқушы I,II орындарды иеленді. Аймақтық «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен байқауда «Бас жүлдені» иегері атанды. Облыстық «Алтын микрофон» байқауынан Алғыс хатпен марапатталды. Көркемсөз оқудан « i » атты байқауда 1 оқушы аудандық деңгейде I орынды иеленді. «Ізтай оқулары» көркемсөз оқулары байқауында 2 оқушы қатысып, сертификаттармен марапатталды. 2 оқушы «Зерде» шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары конкурсына аудандық кезеңге 3-сынып оқушысы қатысып аудандық кезеңнен 2 орын алды, облыстық кезеңнен «Мақтау қағазымен» марапатталды. «Ақбота» интеллектуалды сайысына математика пәнінен Құралұлы Ғанимат, Жеңісов Жансерік Іорынмен марапатталды.«Кенгуру» интеллектуалды сайысына қатысып Құралұлы Ғанимат I орынды иеленді.

2018-2019 оқу жылының мақсаты: Білім берудің озық үлгілерін қолдана отырып, бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері: Жаңа кезеңге сай оқу мен тәрбие сапасын жетілдірудің негізі жеке тұлғаны дамыту.

- оқыту сапасын арттыру;
- сұранысқа ие білім мен дағдыларды беру;
- қоғамдық сананы жаңғырту;
- функционалдық сауаттылықты, сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Жыл бойы жүргізілген жұмыстар алға қойған мақсатқа бағытталды. Соның ішінде жас мамандарға әртүрлі практикумдар сұхбаттар, дөңгелек үстелдер мен сайыстар ұйымдастырылды. Осы оқу жылында жас маман бастауыш сынып мұғалімі Тнеева Балданай Рысжанқызы, орыс тілі мән әдебиетінің мұғалімі Бекболова Жадыра Бекболқызы, қол өнер үйірме жетекшісі болып Кузенкулова Ақерке Бирмаганбетовна жұмысқа қабылданды. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалды. Жас мамандарға арналған сабақтар ұйымдастырылды. «Мамандығым – мақтанышым» атты сайыс өтті. Пән мұғалімдері аудан, облыс бойынша іс-тәжірибе тарату мақсатында әдістемелік құралдар, электронды орталар құрастырды. Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында сабақтарда сыни тұрғысынан ойлау технологияларын кеңінен пайдаланды.

2019-2020 оқу жылы

Мақсаты: оқу үрдісінде бейінді білім алуға бағытталған жұмыс жүйесін қалыптастыру, күзиретті тұлға тәрбиелеудің алғышарттарын құру, оқытудың жаңа әдіс – тәсілдері арқылы білім бәсекесіне қабілетті тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Ақпараттық технологиялар негізінде жаңа білім беру ортасын әрі қарай дамуын қамтамасыз ету.
- Пән мұғалімдеріне оқу мен оқыту жаңа әдістемелерін қолдану және білім сапасының тиімділігін қолдану үшін жұмыстарына жаңа педагогикалық технологияларын енгізу.
- Оқушылардың даму динамикасын байқайтын, әр оқытудың кезеңінде біліктіліктің деңгейін белгілейтін диагностикалық жүйесін әзірлеу. Оқушылардың өз бетімен білім алу және өзін-өзі дамыту дербестігін өркендету.
- Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздардың тәжірибесін жинақтау және тарату;
- Тәжірибе алмасу ортасын жоғары деңгейге көтеру;
- Жас мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін көтеру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Жаңа форматтағы біліктілікті арттыру курс бағдарламасын іске асыру;
- Дарынды оқушылармен жұмыс сапасын арттыру.
- Балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- Қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу;

Оқу жылында бейінді білім алуға бағытталған жұмыстар тамыз айынан бастап жүргізілді. 9-сыныпты бітіретін мектеп оқушылардан сауалнамалар алынып, нәтижесіне байланысты қорытынды жасалды. Жылдық жоспарға сәйкес ашық сабақтар, апталықтар, сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылып отырды. Гуманитарлық пәндер бойынша «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында, бастауыш сынып бірлестігінің ұйымдастыруымен «Білім жолын бастаған, бастауышым-

бастамам» атты апталықтар жоғары деңгейде өткізілді. Сонымен қатар, оқушылар түрлі интернет олимпиадалар мен интеллектуалды сайыстарға қатыстырылды. «Ақбота» интеллектуалды сайысына математика, жаратылыстану пәндерінен 3 оқушы қатысып, жүлделі ІІІ орынды иеленді. «Кенгуру» интеллектуалды сайысына 3 оқушы жүлделі І орынды иеленсе, 3 оқушы ІІ орынға ие болды. Халықаралық «Пони» сайысына 1-сыныптан 5 оқушы қатысып, 1 оқушы жүлдегер атанды. 2-сынып бойынша 5 оқушы қатысып, 2 оқушы жүлделі І орынды иеленді. 3-сынып бойынша 3 оқушы қатысып, 1 оқушы І орынды иеленді. 4-сынып бойынша 4 оқушы қатысып, 3 оқушы жүлдегер атанды. «Кенгуру» интеллектуалды сайысына қатысып Асанғлиев Мадияр І орынды иеленді. Қазтуған Сүйіншұлының 600 жылдық мерейтойына орай «Бабалар аманаты» атты республикалық жыр оқу байқауына қатысып Әйтiмов Нұрхат І орынмен марапатталды.

Отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мектептің тәрбие жүйесіне араластыру Мектебімізде Кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылықтың алдын-алу жөніндегі жоспар құрылып, жоспар бойынша іс шаралар жүргізілуде. Жоспар бойынша жауапты тұлға мектептің психологы Г.Сұлтанға жүктелді. Дегенмен мектебімізде осы жұмысты бірлесе атқаратын жұмыс тобы құрылып, топ басшысы әр айдың 30-на орындаушылардың атқарылған жұмысы туралы есебі тыңдалатын топ отырыстарын өткізіп отырады.

2020-2021 оқу жылында

Мақсаты:

- Оқушылардың білімін, танымдық қабілетін арттыру барысында, олардың білім сапасын, Тәрбиелік деңгейін зерттеу.

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;
- Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика- психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу- тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;
- Баланы жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;
- Ақпараттандыру құралдарын кеңінен қолдану.

Міндеттері:

- Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық , сапалы білім алуға жағдай жасау;
- Оқушының бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін- өзі қадірлей алатын, өзіне талап қоя алатын қасиеттерге және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;
- Шығармашылық еңбек ететін мұғалімдермен тәжірибе алмасу үшін шығармашылық топтар, пән лабораториясын ұйымдастыру;
- Оқу- тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру;
- Оқушылардың жалпы мәдениеттілік бағытын күшейту;
- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін анықтау.

2020-2021 оқу жылында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жоспар бойынша жұмыс жасалды зерттеу сабақтарын жүргізу жоспар бойынша жүргізілді. Зерттеу топтары құрылды. Оқушылар таңдалып, зерттелді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде кей сыныптарда білім сапасы артты. Мысалы, 2019-2020 оқу жылында 9-сыныптың білім сапасы 33% болса, 8-сыныпта білім сапасы 40% болса, 9-шы сыныпты аяқтағанда 37,5% болды.7-сынып оқушыларының білім сапасы 45%-ға жетті. 5-сынып оқушыларының білім сапасы 50%-дан 75%-ға көтерілді. 4-сынып оқушыларының білім сапасы 50%- болды. Бұның барлығы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Сонымен қатар, оқушыларымыз шығармашылық және интеллектуалдық конкурстардан жеткілікті орындарға ие болды. Негізгі математика, қазақ тілі,жаратылыстану пәндері

бойынша өткен «Ақ бота» интеллектуалды марафонына белсене қатысып, 10 оқушы қатысып, 5 оқушы- I дәрежелі, 3 оқушы – II дәрежелі, 2 оқушы - III дәрежелі дипломдардың иегерлері атанды.

Беркінова Аяна – облыстық «Қадыр оқулары» II орын, Болатова Ақгүл – облыстық пәндік олимпиадасы қазақ тілі пәнінен II орын, Тілегенова Айша – облыстық «Зерде» конкурсы III орын, «Ақ бота» интеллектуалдық марафоны Бекетаев Елдар – II орын, Бекетаева Г – II орын, Болатова А – III орын, Құралұлы F – II орын, Жеңісов Ж – II орын Дабылова Г аудандық Зерде конкурсы I орын, Облыстық ағылшын тілі пәні мұғалімдері арасында пәндік олимпиада II орын, КИО аудандық, облыстық I орын.

"Ақтөбе-Дарын" ӨҒҚББТ орталығы ұйымдастырған 2021 жылғы 18 қаңтарда ауылдық жерлердегі дарынды оқушыларды анықтау мақсатында өткен 5-6 сынып оқушылары арасында өткен облыстық кешенді олимпиаданың аудандық кезеңіне мектебіміздің 5,6 сынып оқушылары Құралұлы Ғанимат (5-кл) Дабылова Гүлжайнар- жүлделі I, II орындарды иеленді.

2020 жылдың қараша айында өткен «Пони-әлемді ашады» халықаралық интеллектуалды сайысына даярлық доп, 1-4 сынып оқушылар қатысып, 3 оқушы жүлделі орындарды иеленді.

«Зерде» шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары конкурсына аудандық кезеңіне 3 сынып оқушысы Ерланқызы Айару II орынмен, 4 сынып оқушысы Амантай Аяғөз III орынмен марапатталды. «Менің ауылымның көктемі» бейнеролик байқауына қатысып 3 сынып оқушысы Ерланқызы Айару I орынды иененсе 2 сынып оқушысы Жауынбайева Перизат II орынға ие болды. «Кенгуру» интеллектуалды сайысына қатысып Қалабай Ернұр II орынды иеленді.

2021-2022 оқу жылында

Мақсаты: білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру.

Міндеттер:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай білім беру мен тәрбие мазмұнының сапасын арттыру.
2. Білім алушылардың білімін толықтыру.
3. Оқу жүктемесі төмендетілген ҮОЖ-ын жүзеге асыру.
4. Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету.
5. Цифрлық инфра құрылыммен және ресурстармен жабдықтау.
6. Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту.
7. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру.

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 жұмыс оқу жоспарлары тексерілді.

2017-2018 оқу жылында 1,2-сыныптар ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы;

- **3-4,6,8-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, алпы орта білім беру) мемлекеттік

жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің» үлгілік оқу жоспары;

- **5,7-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалаы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

- «2017-2018 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.-368 б (2017 жылғы 21 сәуірдегі №5 хаттама) басшылыққа алынды.

2018-2019 оқу жылында **1,2,3-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы;

- **4,9-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, алпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің» үлгілік оқу жоспары;

- **5,6,7,8-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалаы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

- «2018-2019 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018.-372 б (2018 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттама) басшылыққа алынды.

2019-2020 оқу жылында **1-4-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;

- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;

- «2019-2020 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.-440 б (2019 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттама) басшылыққа алынды.

2020-2021 оқу жылында **1-4-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер

мен толықтырулар енгізілген) және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 6- қосымшасы;

- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 16- қосымшасы;
- **Инклюзивті оқыту** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 19- қосымшасы;
- **Үйден оқыту** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 73- қосымшасы.
- «2020-2021 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Нұр-Сұлтан қ.:Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020.-331 б басшылыққа алынды.

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 1-қосымшасы;

- **5-9 сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 6-қосымшасы;
- **Инклюзивті оқыту** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 19-қосымшасы;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2017-2018 оқу жылында 1-2 сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

3,4,6,8- сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

6,8,9 –сыныптар «Қазақстан тарихы» пәнін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 2-қосымшасымен оқытылды.

5,7-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

2018-2019 оқу жылында 1,2,3 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

4,9 - сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

6,8,9 –сыныптар «Қазақстан тарихы» пәнін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 2-қосымшасымен оқытылды.

5,6,7,8-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

2019-2020 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныптағы **Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығы, **9-сыныптардағы құқық негіздері** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылды.

2020-2021 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

9-сыныптағы құқық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылды.

2021-2022 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылуда. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілген).

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылады.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды. **9-сыныптардағы құқық негіздері** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылады.

Жаратылыстану-математика бағытындағы дүниежүзі тарихы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығын басшылыққа ала отырып, жүзеге асырылуда.

2021-2022 оқу жылында 1 оқушы инклюзивті оқыды.

7-сынып оқушысы , диагнозы «Есту қабілеті нашар. Тұтығатын» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 19-қосымшасына сәйкес мектепте оқытылуда.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 19-қосымшасына сәйкес оқытылуда.

8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінеді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9- сыныпта) таңдау курсы оқытылды.

-10-сыныпта 1 сағат «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» қосымша оқу-жаттығу жиындарын өтуге берілді.

Бастауыш сыныптарда вариативті компонент сағаттары негізгі сабақ кестесіне кіргізіліп, оқытылды. 5-9 сыныптарда №2 сабақ кестесі құрылып, екінші кезеңде оқытылды.

2017-2018 оқу жылында вариативті компонент есебінен төмендегі курстар енгізілді:

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9- сыныпта) талдау курсы оқытылды..

Вариативті компонент сағаттары бастауыш сыныптарда және 5-9 сыныптарда негізгі сабақ кестесіне салынды, 5-9 сыныптардың кей сағаттары негізгі кестеге және сенбі күніне қойылды.

2018-2019 оқу жылында вариативті компонентке төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ұлттық ойындар</i>
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ұлттық ойындар</i>
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Қызықты ойындар</i>
5	Элективті курстар	<i>Тіл өнері</i>
5	Элективті курстар	<i>Жертану</i>
5	Жеке және топтық консультациялар	<i>Ата мұраң асыл қазынаң</i>
6	Элективті курстар	<i>Сөз сыры</i>
6	Элективті курстар	<i>Қазақ тілі және сөз өнері</i>
6	Элективті курстар	<i>Өсімдіктер әлемі</i>
6	Жеке және топтық консультациялар	<i>Ғасырлар тоғысы</i>
7	Элективті курстар	<i>Өлкетану</i>
7	Жеке және топтық консультациялар	<i>Әдебиет теориясы</i>
8	Элективті курстар	<i>Қазақ тілі және сөз өнері</i>
8	Элективті курстар	<i>Өсімдіктер әлемі</i>
8	Жеке және топтық консультациялар	<i>Ғасырлар тоғысы</i>
9	Мектеп компоненті	<i>Зайырлылық және дінтану негіздері</i>

9	Мектеп компоненті	<i>Абайтану</i>
9	Мектеп компоненті	<i>Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару</i>
9	Оқушы компоненті	<i>Химиялық есептерді шығару</i>

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9- сыныптарда) таідау курсы оқытылды. Вариативті компонент сағаттары барлық сыныптарда №2 кестеге салынып, екінші кезеңде оқытылды.

2019-2020 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Орамды сөз ой көркі</i>
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі ұлттық ойындар</i>
2	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Орамды сөз ой көркі</i>
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ойнайықта ойлайық</i>
3	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Ойнайықта ойлайық</i>
4	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Қазақ тілі көркем тіл</i>
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ойнайықта ойлайық</i>
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Орамды сөз ой көркі</i>
5	Элективті курстар	<i>Қазақ тілі сөз өнері</i>
5	Элективті курстар	<i>Адам және табиғат</i>
5	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Қазақ тілі сөз өнері</i>
6	Элективті курстар	<i>Математика және логика</i>
6	Элективті курстар	<i>Ғаламшардың ғажайыптары</i>
6	Элективті курстар	<i>Экологиялық этика</i>
6	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Мәнерлеп оқу</i>
7	Элективті курстар	<i>Өлкетану</i>
7	Элективті курстар	<i>Көркем әдебиет-өмір тану құралы</i>
8	Элективті курстар	<i>Тері -денсаулық айнасы</i>
8	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Адам ағзасындағы химиялық элементтер</i>
8	Элективті курстар	<i>Таңдау табыс кілті</i>
9	Элективті курстар	<i>Зайырлылық және дінтану негіздері</i>
9	Элективті курстар	<i>Абайтану</i>
9	Элективті курстар	<i>Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару</i>

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9-11 сыныптарда) таідау курсы оқытылды.

Вариативті компонент сағаттары барлық сыныптарда негізгі кестеге салынып, екінші кезеңде 8-сыныпта 1 сағат, 9-сыныпта 3 сағат оқытылды.

2020-2021 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Көркем жазу</i>
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
2	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Ойналықта ойлайық</i>

2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
3	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Орамды сөз ой көркі</i>
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ойналықта ойлайық</i>
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Орамды сөз ой көркі</i>
4	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ойналықта ойлайық</i>
5	Элективті курстар	<i>Сөз өнері</i>
5	Элективті курстар	<i>Ғажайып ғаламшар</i>
5	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Қазақ тілі -көркем тіл</i>
6	Элективті курстар	<i>Сөз шеберлері</i>
6	Элективті курстар	<i>Қазақ тілі -көркем тіл</i>
6	Элективті курстар	<i>Сөз өнері</i>
6	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Ғажайып ғаламшар</i>
7	Элективті курстар	<i>Өлкетану</i>
7	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Әдебиет теориясы</i>
8	Элективті курстар	<i>Алгебра негіздері</i>
8	Элективті курстар	<i>Химия тұрмыста</i>
8	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Тері-денсаулық айнасы</i>
9	Элективті курстар	<i>Зайырлылық және дінтану негіздері</i>
9	Элективті курстар	<i>Абайтану</i>
9	Элективті курстар	<i>Талдау табыс кілті</i>
9	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Химиядан типтік есептер шығару</i>

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9- сыныпта) таңдау курсы оқытылды.

Вариативті компонент сағаттары барлық сыныптарда негізгі кестеге салынды. 2020-2021 оқу жылында мектеп екі кезеңмен оқытылды.

2021-2022 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
5	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	<i>Парасаттылық және әдеп</i>
5	Элективті курстар	<i>Қазақ тілі -көркем тіл</i>
6	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	<i>Экология</i>
6	Элективті курстар	<i>Әдебиет теориясы</i>
7	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	<i>Эмоционалды интеллект жәнәсыниойлау</i>
7	Элективті курстар	<i>Әдебиет теориясы</i>
8	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	<i>Сатылай кешенді талдау</i>
8	Элективті курстар	<i>Қазақстанның туристік мүмкіндіктері</i>
9	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	<i>Зайырлылық және дінтану негіздері</i>

14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 24 сағаттан, 2-сыныпта – 25 сағаттан, 3-сыныпта – 29 сағаттан, 4-сыныпта – 29 сағаттан, 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 38 сағаттан, 10-сыныпта – 39 сағаттан, 11-сыныпта – 39 сағаттан асқан жоқ. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалды.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҮОЖ-да (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды:

Оқу жылдары	Компонент	1	2	3	4	5	6	7	8	9
2017-2018	Инвариантты	22	23	25	25	29	31	32	32	34
	Вариативтік	2	2	4	4	3	2	2	4	4
	Барлығы	24	25	29	29	32	33	34	36	38
2018-2019	Инвариантты	22	23	26	25	29	29	32	33	34
	Вариативтік	2	2	3	4	3	4	2	3	4
	Барлығы	24	25	29	29	32	33	34	36	38
2019-2020	Инвариантты	22	23	26	26	29	29	32	33	34
	Вариативтік	2	2	3	3	3	4	2	3	4
	Барлығы	24	25	29	29	32	33	34	36	38
2020-2021	Инвариантты	22	23	26	26	29	29	32	33	34
	Вариативтік	2	2	3	3	3	4	2	3	4
	Барлығы	24	25	29	29	32	33	34	36	38
2021-2022	Инвариантты	22,5	23	26	26	29	29	32	33	34
	Вариативтік	-	1	1	1	2	2	2	2	2
	Барлығы	22,5	24	27	27	31	31	34	35	36

2019-2020 оқу жылында "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі №149 бұйрығының 50-1 тармағы негізінде 9-сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды тапсырған жоқ, аттестат оқу жылының жылдық бағалары негізінде берілді.

2020-2021 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Білім және ғылым министрінің м.а. 28.04.2021 № 189бұйрығы басшылыққа алынды.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған. Мектеп директорымен бекітілген модерация отырысының мүшелер тізімі жасалған.

2017-2018 оқу жылында 1,2,5,7-сыныптарда;

2018-2019 оқу жылында 1,2,3,5,6,7,8-сыныптар;

2019-2020 оқу жылында 1-4,5 –сыныптар;

2020-2021 оқу жылынан бастап 1-9 сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алды.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы баллдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес. мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 « Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады»,13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.» делінген.

2017-2018 оқу жылында 1,2,5,7-сыныптар жаңартылған бағдарлама бойынша оқытылды.

БЖБ, ТЖБ жүргізілді, баллдары мен бағалары журналға қойылған.

2018-2019 оқу жылында 1,2,3,5,6,7,8-сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алды.

1-сынып бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары III –IV тоқсандарға қойылған.

2-9-сынып бойынша барлық тоқсан бойынша БЖБ,ТЖБ қорытындылары қойылған,талапқа сай.

2019-2020 оқу жылы 1-9 сыныптар жаңартылған бағдарламамен оқыды.Барлық сыныпта БЖБ, ТЖБ уақытында қойылды. Коронавирустық инфекциясының таралуына байланысты 4 тоқсаннан бастап қашықтықтан оқытуға көшірілді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «8» сәуірдегі № 135 бұйрығына 2-қосымшасы «Қашықтықтан оқыту жағдайында жиынтық жұмыстарды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» -дың 2-бөлімі 20-тармағы басшылыққа алынып, тек сабақ тақырыптары мен ұсынылған оқу тапсырмалары толтырылды.

2020-2021 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілді.

1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 бұйрығының 14 –тармағына сәйкес бағаланған жоқ.

Бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері

Р/с №	Сыныбы	Тізімбойынша журнал Дағы оқушылар саны	Нақтықатысқан оқушылар саны	Бағалар саны "5"	Бағалар саны "4"	Бағалар саны "3"	Бағалар саны "2"	Орташа балл	Оң бағалар %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	4	8	8	1	3	4	-	50	100
2	9	8	8	2	1	5	-	37,5	100
		16	16	3	4	9	-	44	100

16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

2017-2018 оқу жылында 1,2-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 бұйрығының 4-тармағы 49-тармақшасы (49. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында 3 рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. Бірінші сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі). 3-4,6,8-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы (36. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 24 сағаттан, 2-сыныпта – 25 сағаттан, 3-сыныпта – 29 сағаттан, 4-сыныпта – 29 сағаттан, 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 38 сағаттан аспауы тиіс); 5,7-сыныптарда "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы (57. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 32 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс) басшылыққа алынды.

2018-2019 оқу жылында 1,2,3-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 бұйрығының 4-тармағы 49-тармақшасы (49. Оқу

жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында 3 рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. Бірінші сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі). 4,9,10-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы (36. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 24 сағаттан, 2-сыныпта – 25 сағаттан, 3-сыныпта – 29 сағаттан, 4-сыныпта – 29 сағаттан, 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 38 сағаттан); 5,6,7,8-сыныптарда "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы (57. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 32 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс) басшылыққа алынды.

2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-қосымшасы 3 тарау §1 40 -тармағы (40. *Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 29 сағаттан аспайды.*)-1-3 кластарда, §2 44-тармағы (44.*Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (дамыту сипатындағы жеке және топтық сабақтар) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 4-сыныпта 29 сағаттан аспауы тиіс.*)-4 сыныпта, 3-қосымшасы 3 тарау §1, 54-тармағы (54. *Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс.*), 3 тарау §2, 59-тармағы (Білім алушылардың барлық сыныптағы және сыныптан тыс (факультатив, жеке және үйірме жұмыстарының) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 38 сағаттан аспауы тиіс.)- 9 класта.

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-қосымшасы 3 тарау §1 40 -тармағы (40. *Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 29 сағаттан аспайды.*)-1-3 кластарда, §2 44-тармағы (44.*Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (дамыту сипатындағы жеке және топтық сабақтар) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 4-сыныпта 29 сағаттан аспауы тиіс.*)-4 сыныпта, 3-қосымшасы 3 тарау §1, 54-тармағы (54. *Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс.*), 3 тарау §2, 59-тармағы (Білім алушылардың барлық сыныптағы және сыныптан тыс (факультатив, жеке және үйірме жұмыстарының) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 38 сағаттан аспауы тиіс.)- 9 класта.

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2017-2018 оқу жылы барысында каникул күндері төмендегідей белгіленді:

1) 1-11 (12)-сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2017 жылғы 30 қазан - 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2017 жылғы 29 желтоқсан – 2018 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2018 жылғы 21 наурыз - 2 сәуірді қоса алғанда); 1-сыныптардағы қосымша каникулдар: 7 күн (2018 жылғы 5-11 ақпанды қоса алғанда).

2018-2019 оқу жылында «Орта білім беру ұйымдарында 2018 - 2019 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 5 шілдедегі № 322 бұйрығымен 2018-2019 оқу жылы барысындағы каникул күндері белгіленді:

1) 1-11(12)-сыныптарда: күзгі каникул –7 күн (2018 жылғы 29 қазан – 4 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2018 жылғы 31 желтоқсан – 2019 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2019 жылғы 21 наурыз - 2 сәуірді қоса алғанда);

2) 1-сыныпта: қосымша каникулдар: 7 күн (2019 жылғы 4 - 10 ақпанды қоса алғанда).

2019-2020 оқу жылында «Орта білім беру ұйымдарында 2019 - 2020 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 337 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 2020 жылғы 17 наурыздағы №11 бұйрығымен 1-11(12)-сыныптарда:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2019 жылғы 28 қазан - 3 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2019 жылғы 30 желтоқсан – 2020 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 21 күн (2020 жылғы 16 наурыз – 5 сәуірді қоса алғанда); 1-сыныптарда: 7 күн мерзімде (2020 жылғы 3-9 ақпанды қоса алғанда) қосымша каникул белгіленді.»

2020-2021 оқу жылында каникул кезеңдері «Орта білім беру ұйымдарында 2020 - 2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №340 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды:

-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2021 жылғы 20-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығында).

2021-2022 оқу жылында каникул кезеңдері 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

1) 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) сыныптарда:

күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда),

қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда),

көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда) беріледі.

2021-2022 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілді.

2021-2022 оқу жылында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жоспар бойынша жұмыс жасалды. Білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамуы үшін әр пән бойынша сабақтарды жүргізу сапалы, тест, бақылау, сынамалар жоспар бойынша жүргізілді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде кей сыныптарда білім сапасы артты. Мысалы, 2020-2021 оқу жылында 8-сыныптың білім сапасы 40% болса, 8-сыныпта білім сапасы 45% жетті. 5-сынып оқушыларының білім сапасы 50%-дан 75%-ға көтерілді. 4-сынып оқушыларының білім сапасы 50%- болды. Бұның барлығы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Сонымен қатар, оқушыларымыз шығармашылық және интеллектуалдық конкурстардан жеткілікті орындарға ие болды. Беркінова Аяна – облыстық «Қадыр оқулары» II орын, Болатова Ақгүл – «Достық» облыстық пәндік олимпиадасынан III орын, Тілегенова Айша –7-8 класс оқушыларына арналған облыстық жасөспірімдер олимпиадасы «Мақтау қағазы».

Өзін өзі аттестаттау комиссиясының төрағасы:	Г.Жумагулова
Өзін өзі аттестаттау комиссиясының орынбасары:	Г.Туркестанова
Мүшелері:	
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:	Ж.Арыстанова
Гуманитарлық бірлестік жетекшісі:	Г.Абдрахманова
Бастауыш сынып бірлестік жетекшісі:	Г.Рысжанова

Екпетал мектеп-балабақшасы өзін-өзі бағалау бойынша анықтамалар

2018-2019 оқу жылының мақсаты: Білім берудің озық үлгілерін қолдана отырып, бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері: Жаңа кезеңге сай оқу мен тәрбие сапасын жетілдірудің негізі жеке тұлғаны дамыту.

- оқыту сапасын арттыру;
- сұранысқа ие білім мен дағдыларды беру;
- қоғамдық сананы жаңғырту;
- функционалдық сауаттылықты, сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Жыл бойы жүргізілген жұмыстар алға қойған мақсатқа бағытталды. Соның ішінде жас мамандарға әртүрлі практикумдар сұхбаттар, дөңгелек үстелдер мен сайыстар ұйымдастырылды. Осы оқу жылында жас маман бастауыш сынып мұғалімі Тнеева Балданай Рысжанқызы, орыс тілі мән әдебиетінің мұғалімі Бекболова Жадыра Бекболқызы, қол өнер үйірме жетекшісі болып Кузенкулова Ақерке Бирмаганбетовна жұмысқа қабылданды. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалды. Жас мамандарға арналған сабақтар ұйымдастырылды. «Мамандығым – мақтанышым» атты сайыс өтті. Пән мұғалімдері аудан, облыс бойынша іс-тәжірибе тарату мақсатында әдістемелік құралдар, электронды орталар құрастырды. Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында сабақтарда сыни тұрғысынан ойлау технологияларын кеңінен пайдаланды.

2019-2020 оқу жылы

Мақсаты: оқу үрдісінде бейінді білім алуға бағытталған жұмыс жүйесін қалыптастыру, күзиретті тұлға тәрбиелеудің алғышарттарын құру, оқытудың жаңа әдіс – тәсілдері арқылы білім бәсекесіне қабілетті тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Ақпараттық технологиялар негізінде жаңа білім беру ортасын әрі қарай дамуын қамтамасыз ету.
- Пән мұғалімдеріне оқу мен оқыту жаңа әдістемелерін қолдану және білім сапасының тиімділігін қолдану үшін жұмыстарына жаңа педагогикалық технологияларын енгізу.
- Оқушылардың даму динамикасын байқайтын, әр оқытудың кезеңінде біліктіліктің деңгейін белгілейтін диагностикалық жүйесін әзірлеу. Оқушылардың өз бетімен білім алу және өзін-өзі дамыту дербестігін өркендету.
- Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздардың тәжірибесін жинақтау және тарату;
- Тәжірибе алмасу ортасын жоғары деңгейге көтеру;
- Жас мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін көтеру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Жаңа форматтағы біліктілікті арттыру курс бағдарламасын іске асыру;
- Дарынды оқушылармен жұмыс сапасын арттыру.
- Балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- Қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу;

Оқу жылында бейінді білім алуға бағытталған жұмыстар тамыз айынан бастап жүргізілді. 9-сыныпты бітіретін мектеп оқушылардан сауалнамалар алынып, нәтижесіне байланысты қорытынды жасалды. Жылдық жоспарға сәйкес ашық сабақтар, апталықтар, сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылып отырды. Гуманитарлық пәндер бойынша «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында, бастауыш сынып бірлестігінің ұйымдастыруымен «Білім жолын бастаған, бастауышым-

бастамам» атты апталықтар жоғары деңгейде өткізілді. Сонымен қатар, оқушылар түрлі интернет олимпиадалар мен интеллектуалды сайыстарға қатыстырылды. «Ақбота» интеллектуалды сайысына математика, жаратылыстану пәндерінен 3 оқушы қатысып, жүлделі ІІІ орынды иеленді. «Кенгуру» интеллектуалды сайысына 3 оқушы жүлделі І орынды иеленсе, 3 оқушы ІІ орынға ие болды. Халықаралық «Пони» сайысына 1-сыныптан 5 оқушы қатысып, 1 оқушы жүлдегер атанды. 2-сынып бойынша 5 оқушы қатысып, 2 оқушы жүлделі І орынды иеленді. 3-сынып бойынша 3 оқушы қатысып, 1 оқушы І орынды иеленді. 4-сынып бойынша 4 оқушы қатысып, 3 оқушы жүлдегер атанды. «Кенгуру» интеллектуалды сайысына қатысып Асанғалиев Мадияр І орынды иеленді. Қазтуған Сүйіншұлының 600 жылдық мерейтойына орай «Бабалар аманаты» атты республикалық жыр оқу байқауына қатысып Әйтiмов Нұрхат І орынмен марапатталды.

Отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мектептің тәрбие жүйесіне араластыру Мектебімізде Кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылықтың алдын-алу жөніндегі жоспар құрылып, жоспар бойынша іс шаралар жүргізілуде. Жоспар бойынша жауапты тұлға мектептің психологы Г.Сұлтанға жүктелді. Дегенмен мектебімізде осы жұмысты бірлесе атқаратын жұмыс тобы құрылып, топ басшысы әр айдың 30-на орындаушылардың атқарылған жұмысы туралы есебі тыңдалатын топ отырыстарын өткізіп отырады.

2020-2021 оқу жылында

Мақсаты:

- *Оқушылардың білімін, танымдық қабілетін арттыру барысында, олардың білім сапасын, Тәрбиелік деңгейін зерттеу.*

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

- Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика- психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;

- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу- тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;

- Баланы жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;

- Ақпараттандыру құралдарын кеңінен қолдану.

Міндеттері:

-Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық , сапалы білім алуға жағдай жасау;

-Оқушының бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін- өзі қадірлей алатын, өзіне талап қоя алатын қасиеттерге және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;

-Шығармашылық еңбек ететін мұғалімдермен тәжірибе алмасу үшін шығармашылық топтар, пән лабораториясын ұйымдастыру;

-Оқу- тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру;

-Оқушылардың жалпы мәдениеттілік бағытын күшейту;

-Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін анықтау.

2020-2021 оқу жылында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жоспар бойынша жұмыс жасалды зерттеу сабақтарын жүргізу жоспар бойынша жүргізілді. Зерттеу топтары құрылды. Оқушылар таңдалып, зерттелді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде кей сыныптарда білім сапасы артты. Мысалы, 2019-2020 оқу жылында 9-сыныптың білім сапасы 33% болса, 8-сыныпта білім сапасы 40% болса, 9-шы сыныпты аяқтағанда 37,5% болды.7-сынып оқушыларының білім сапасы 45%-ға жетті. 5-сынып оқушыларының білім сапасы 50%-дан 75%-ға көтерілді. 4-сынып оқушыларының білім сапасы 50%- болды. Бұның барлығы жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Сонымен қатар, оқушыларымыз шығармашылық және интеллектуалдық конкурстардан жеткілікті орындарға ие болды. Негізгі математика, қазақ тілі, жаратылыстану пәндері бойынша өткен «Ақ бота» интеллектуалды марафонына белсене қатысып, 10 оқушы қатысып, 5 оқушы- I дәрежелі, 3 оқушы – II дәрежелі, 2 оқушы - III дәрежелі дипломдардың иегерлері атанды.

Беркінова Аяна – облыстық «Қадыр оқулары» II орын, Болатова Ақгүл – облыстық пәндік олимпиадасы қазақ тілі пәнінен II орын, Тілегенова Айша – облыстық «Зерде» конкурсы III орын, «Ақ бота» интеллектуалдық марафоны Бекетаев Елдар – II орын, Бекетаева Г – II орын, Болатова А – III орын, Құралұлы F – II орын, Жеңісов Ж – II орын Дабылова Г аудандық Зерде конкурсы I орын, Облыстық ағылшын тілі пәні мұғалімдері арасында пәндік олимпиада II орын, КИО аудандық, облыстық I орын.

"Ақтөбе-Дарын" ӨҒҚББТ орталығы ұйымдастырған 2021 жылғы 18 қаңтарда ауылдық жерлердегі дарынды оқушыларды анықтау мақсатында өткен 5-6 сынып оқушылары арасында өткен облыстық кешенді олимпиаданың аудандық кезеңіне мектебіміздің 5,6 сынып оқушылары Құралұлы Ғанимат (5-кл) Дабылова Гүлжайнар- жүлделі I, II орындарды иеленді.

2020 жылдың қараша айында өткен «Пони-әлемді ашады» халықаралық интеллектуалды сайысына даярлық доп, 1-4 сынып оқушылар қатысып, 3 оқушы жүлделі орындарды иеленді.

«Зерде» шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары конкурсына аудандық кезеңіне 3 сынып оқушысы Ерланқызы Айару II орынмен, 4 сынып оқушысы Амантай Аягөз III орынмен марапатталды. «Менің ауылымның көктемі» бейнеролик байқауына қатысып 3 сынып оқушысы Ерланқызы Айару I орынды иененсе 2 сынып оқушысы Жауынбайева Перизат II орынға ие болды. «Кенгуру» интеллектуалды сайысына қатысып Қалабай Ернұр II орынды иеленді.

2021-2022 оқу жылында

Мақсаты: білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру.

Міндеттер:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай білім беру мен тәрбие мазмұнының сапасын арттыру;
2. Білім беру жүйесінің алдына оқытудың қазіргі уақыттағы әдістері мен бағдарламаларын меңгеру ;
3. Оқу жүктемесі төмендетілген ҮОЖ-ын жүзеге асыру;
4. Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
6. Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту;
7. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру.

Осы алға қойған мақсат, міндеттерді басшылыққа ала отырып, жұмыстанды. Соның ішінде пән апталықтары, әртүрлі практикум сұхбаттар, дөңгелек үстелдер мен сайыстар ұйымдастырылды. Пән мұғалімдері аудан бойынша іс – тәжірибе тарату мақсатында «Бастауыш сынып пәндер» бірлестігі мен «Жаратылыстану пәндер» бірлестіктері аудандық семинар – практикумдар өткізді. Тақырыптары:

- «Заманауи оқу үрдістері арқылы сапалы білім беру»
- «Химия, биология сабақтарында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту»

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ

ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2021 -2022 жылына арналған Үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы, 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына сәйкес бекітілген **1,6 қосымша**)

2022-2023 оқу жылында

Мақсаты: білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру.

Міндеттер:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай білім беру мен тәрбие мазмұнының сапасын арттыру;
 2. Білім алушылардың білімін толықтыру;
 3. Оқу жүктемесі төмендетілген ҮОЖ-ын жүзеге асыру;
 4. Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
 6. Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту;
 7. Білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау.
- Жыл бойы жүргізілген алға қойылған мақсатқа бағытталды.

2018-2019,2019-2020,2020-2021,2021-2022,2022-2023оқу жылдарында жұмыс оқу жоспарлары тексерілді.

2017-2018 оқу жылында **1,2-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы;

- **3-4,6,8-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, алпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің» үлгілік оқу жоспары;

- **5,7-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалаы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

- «2017-2018 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.-368 б (2017 жылғы 21 сәуірдегі №5 хаттама) басшылыққа алынды.

2018-2019 оқу жылында **1,2,3-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы;

- **4,9,-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, алпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500

бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің» үлгілік оқу жоспары;

- **5,6,7,8-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалаы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

- «2018-2019 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018.-372 б (2018 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттама) басшылыққа алынды.

2019-2020 оқу жылында **1-4-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;

- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;
- «2019-2020 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.-440 б (2019 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттама) басшылыққа алынды.

2020-2021 оқу жылында **1-4-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 6- қосымшасы;

- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 16- қосымшасы;
- **Инклюзивті оқыту** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 19- қосымшасы;
- **Үйден оқыту** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 73- қосымшасы.
- «2020-2021 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Нұр-Сұлтан қ.:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020.-331 б басшылыққа алынды.

2021-2022 оқу жылында **1-4 сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 1-қосымшасы;

- **5-9 сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 6-қосымшасы;
- **Инклюзивті оқыту** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 19-қосымшасы;
- **Үйден оқыту** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 73-қосымшасы.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2017-2018 оқу жылында 1-2 сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы № 266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

3,4,6,8- сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

6,8,9 –сыныптар «Қазақстан тарихы» пәнін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 2-қосымшасымен оқытылды.

5,7-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

2018-2019 оқу жылында 1,2,3 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы № 266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

4,9 - сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

6,8,9 –сыныптар «Қазақстан тарихы» пәнін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 2-қосымшасымен оқытылды.

5,6,7,8-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

2019-2020 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныптағы **Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7

наурыздағы № 105 бұйрығы, **9,10-сыныптардағы құқық негіздері** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылды.

2020-2021 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптардағы **Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығы, **9-сыныптағы құқық негіздері** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылды.

2021-2022 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылуда. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілген).

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылады.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныптардағы **Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығы, **9-сыныптардағы құқық негіздері** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылады.

Жаратылыстану-математика бағытындағы дүниежүзі тарихы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығын басшылыққа ала отырып, жүзеге асырылуда.

2021-2022 оқу жылында 1 оқушы инклюзивті оқыды. ?

7-сынып оқушысы , диагнозы «Есту қабілеті нашар. Тұтығатын» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 19-қосымшасына сәйкес оқытылуда.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 19-қосымшасына сәйкес оқытылуда.

8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінеді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9-11 сыныптарда) таңдау курсы оқытылды.

-10-сыныпта 1 сағат «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» қосымша оқу-жаттығу жиындарын өтуге берілді.

Бастауыш сыныптарда вариативтік компонент сағаттары негізгі сабақ кестесіне кіргізіліп, оқытылды. 5-11 сыныптарда №2 сабақ кестесі құрылып, екінші кезеңде оқытылды.

2017-2018 оқу жылында вариативтік компонентесінен төмендегі курстар енгізілді:

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9-11 сыныптарда) таңдау курсы оқытылды.

-10-сыныпта 1 сағат «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» қосымша оқу-жаттығу жиындарын өтуге берілді.

Вариативтік компонент сағаттары бастауыш сыныптарда және 5-8 сыныптарда негізгі сабақ кестесіне салынды, 9-11 сыныптардың кей сағаттары негізгі кестеге және сенбі күніне қойылды.

2018-2019 оқу жылында вариативтік компонентке төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативтік компонент	Тақырыбы
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ұлттық ойындар</i>
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ұлттық ойындар</i>
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Қызықты ойындар</i>
5	Элективті курстар	<i>Тіл өнері</i>
5	Элективті курстар	<i>Жертану</i>
5	Жеке және топтық консультациялар	<i>Ата мұраң асыл қазынаң</i>
6	Элективті курстар	<i>Сөз сыры</i>
6	Элективті курстар	<i>Қазақ тілі және сөз өнері</i>
6	Элективті курстар	<i>Өсімдіктер әлемі</i>
6	Жеке және топтық консультациялар	<i>Ғасырлар тоғысы</i>
7	Элективті курстар	<i>Өлкетану</i>
7	Жеке және топтық консультациялар	<i>Әдебиет теориясы</i>
8	Элективті курстар	<i>Қазақ тілі және сөз өнері</i>
8	Элективті курстар	<i>Өсімдіктер әлемі</i>
8	Жеке және топтық консультациялар	<i>Ғасырлар тоғысы</i>
9	Мектеп компоненті	<i>Зайырлылық және дінтану негіздері</i>
9	Мектеп компоненті	<i>Абайтану</i>
9	Мектеп компоненті	<i>Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару</i>
9	Оқушы компоненті	<i>Химиялық есептерді шығару</i>

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9-11 сыныптарда) таңдау курсы оқытылды.

Вариативті компонент сағаттары барлық сыныптарда №2 кестеге салынып, екінші кезеңде оқытылды.

2019-2020 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Орамды сөз ой көркі</i>
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі ұлттық ойындар</i>
2	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Орамды сөз ой көркі</i>
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ойнайықта ойлайық</i>
3	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Ойнайықта ойлайық</i>
4	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Қазақ тілі көркем тіл</i>
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ойнайықта ойлайық</i>
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Орамды сөз ой көркі</i>
5	Элективті курстар	<i>Қазақ тілі сөз өнері</i>
5	Элективті курстар	<i>Адам және табиғат</i>
5	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Қазақ тілі сөз өнері</i>
6	Элективті курстар	<i>Математика және логика</i>
6	Элективті курстар	<i>Ғаламиардың ғажайыптары</i>
6	Элективті курстар	<i>Экологиялық этика</i>
6	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Мәнерлеп оқу</i>
7	Элективті курстар	<i>Өлкетану</i>
7	Элективті курстар	<i>Көркем әдебиет-өмір тану құралы</i>
8	Элективті курстар	<i>Тері -денсаулық айнасы</i>
8	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Адам ағзасындағы химиялық элементтер</i>
8	Элективті курстар	<i>Талдау табыс кілті</i>
9	Элективті курстар	<i>Зайырлылық және дінтану негіздері</i>
9	Элективті курстар	<i>Абайтану</i>
9	Элективті курстар	<i>Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару</i>

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9-11 сыныптарда) таудау курсы оқытылды.

Вариативті компонент сағаттары барлық сыныптарда негізгі кестеге салынып, екінші кезеңде 8-сыныпта 1 сағат, 9-11-сыныптарда 3 сағат оқытылды.

2020-2021 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Көркем жазу</i>
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
2	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Ойналықта ойлайық</i>
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
3	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Орамды сөз ой көркі</i>
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ойналықта ойлайық</i>
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Орамды сөз ой көркі</i>
4	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ойналықта ойлайық</i>

5	Элективті курстар	<i>Сөз өнері</i>
5	Элективті курстар	<i>Ғажайып ғаламшар</i>
5	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Қазақ тілі -көркем тіл</i>
6	Элективті курстар	<i>Сөз шеберлері</i>
6	Элективті курстар	<i>Қазақ тілі -көркем тіл</i>
6	Элективті курстар	<i>Сөз өнері</i>
6	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Ғажайып ғаламшар</i>
7	Элективті курстар	<i>Өлкетану</i>
7	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Әдебиет теориясы</i>
8	Элективті курстар	<i>Алгебра негіздері</i>
8	Элективті курстар	<i>Химия тұрмыста</i>
8	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Тері-денсаулық айнасы</i>
9	Элективті курстар	<i>Зайырлылық және дінтану негіздері</i>
9	Элективті курстар	<i>Абайтану</i>
9	Элективті курстар	<i>Талдау табыс кілті</i>
9	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Химиядан типтік есептер шығару</i>

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9-11 сыныптарда) таудау курсы оқытылды.

Вариативтік компонент сағаттары барлық сыныптарда негізгі кестеге салынды. 2020-2021 оқу жылында мектеп екі кезеңмен оқытылды.

2021-2022 оқу жылында вариативтік компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативтік компонент	Тақырыбы
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Құндылықтың бірі-ұлттық ойындар</i>
5	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	<i>Парасаттылық және әдеп</i>
5	Элективті курстар	<i>Қазақ тілі -көркем тіл</i>
6	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	<i>Экология</i>
6	Элективті курстар	<i>Әдебиет теориясы</i>
7	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	<i>Эмоционалды интеллект жәнәсыниойлау</i>
7	Элективті курстар	<i>Әдебиет теориясы</i>
8	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	<i>Сатылай кешенді талдау</i>
8	Элективті курстар	<i>Қазақстанның туристік мүмкіндіктері</i>
9	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	<i>Зайырлылық және дінтану негіздері</i>
9	Элективті курстар	<i>Абайтану</i>

14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан

тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 24 сағаттан, 2-сыныпта – 25 сағаттан, 3-сыныпта – 29 сағаттан, 4-сыныпта – 29 сағаттан, 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 38 сағаттан, 10-сыныпта – 39 сағаттан, 11-сыныпта – 39 сағаттан асқан жоқ. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалды.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҮОЖ-да (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды:

Оқу жылдары	Компонент	1	2	3	4	5	6	7	8	9
2017-2018	Инвариантты	22	23	25	25	29	31	32	32	34
	Вариативтік	2	2	4	4	3	2	2	4	4
	Барлығы	24	25	29	29	32	33	34	36	38
2018-2019	Инвариантты	22	23	26	25	29	29	32	33	34
	Вариативтік	2	2	3	4	3	4	2	3	4
	Барлығы	24	25	29	29	32	33	34	36	38
2019-2020	Инвариантты	22	23	26	26	29	29	32	33	34
	Вариативтік	2	2	3	3	3	4	2	3	4
	Барлығы	24	25	29	29	32	33	34	36	38
2020-2021	Инвариантты	22	23	26	26	29	29	32	33	34
	Вариативтік	2	2	3	3	3	4	2	3	4
	Барлығы	24	25	29	29	32	33	34	36	38
2021-2022	Инвариантты	22,5	23	26	26	29	29	32	33	34
	Вариативтік	-	1	1	1	2	2	2	2	2
	Барлығы	22,5	24	27	27	31	31	34	35	36

2019-2020 оқу жылында "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі №149 бұйрығының 50-1 тармағы негізінде 9,11-сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды тапсырған жоқ, аттестат оқу жылының жылдық бағалары негізінде берілді.

2020-2021 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Білім және ғылым министрінің м.а. 28.04.2021 № 189 бұйрығы басшылыққа алынды.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған. Мектеп директорымен бекітілген модерация отырысының мүшелер тізімі жасалған.

2017-2018 оқу жылында 1,2,5,7-сыныптарда;

2018-2019 оқу жылында 1,2,3,5,6,7,8-сыныптар;

2019-2020 оқу жылында 1-4,5-10 –сыныптар;

2020-2021 оқу жылынан бастап 1-11 сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алды.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы баллдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес. мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 « Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады»,13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.» делінген.

2017-2018 оқу жылында 1,2,5,7-сыныптар жаңартылған бағдарлама бойынша оқытылды. БЖБ, ТЖБ жүргізілді, баллдары мен бағалары журналға қойылған.

2018-2019 оқу жылында 1,2,3,5,6,7,8-сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алды.

1-сынып бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары III –IV тоқсандарға қойылған.

2-9-сынып бойынша барлық тоқсан бойынша БЖБ,ТЖБ қорытындылары қойылған, талапқа сай.

2019-2020 оқу жылы 1-10 сыныптар жаңартылған бағдарламамен оқыды. Барлық сыныпта БЖБ, ТЖБ уақытында қойылды. Коронавирустық инфекциясының таралуына байланысты 4 тоқсаннан бастап қашықтықтан оқытуға көшірілді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «8» сәуірдегі № 135 бұйрығына 2-қосымшасы «Қашықтықтан оқыту жағдайында жиынтық жұмыстарды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» -дың 2-бөлімі 20-тармағы басшылыққа алынып, тек сабақ тақырыптары мен ұсынылған оқу тапсырмалары толтырылды.

Осы оқу жылында 1-сынып оқушысы Қалниязов Нияз 11 желтоқсаннан бастап Ақтөбе облыстық ПМПК ның 7.11.2019ж №18455 қорытындысы және дәрігерлік-

